

## **«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша желтоқсан айының анықтамасы**

2025-2026 оқу жылының кітап қорларын толықтыру, мектеп кітапханаларын цифрландыру, электронды ресурстарды ендіру, оқушылар арасында оқуға деген қызығушылықты арттыру шаралары жалғасып жатыр. «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты – балалар мен жастарды кітап оқуға, оқу мәдениетіне қызықтыру, оқу сауаттылығын, рухани-мәдени құштылықтарын дамыту, кітапханаға тарту.

Жобаны іске асыру барысында төмендегідей жұмыстар ұйымдастырылды:

- Сыныптарда кітап оқу бұрыштары жасакталды;
- Апта сайын «20 минуттық оқу», «Үзілісте кітап оқимыз» акциясы мектеп кітапханасында оқушылардың дауыстап кітап оқын отырған сәттерінен бейнероликтер ұсынылды.
- Оқуға құштар жобасы аясында «Оқимыз – сурет саламыз» атты кітап кейіпкерлерінің суреттер байқауы ұйымдастырылады; (12.12.2025 ж.)
- Кітапхана қорын толықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Осы мақсатта жоспар бойынша оқу орнымызда түрлі іс-шаралар мен жобалар ұйымдастырылып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, әр сыныпта «Оқу сағаты» өткізіліп, оқушылардың сүйікті кітаптары бойынша пікір алмасу, талдау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, мектеп кітапханасында «Кітап – білім бұлағы» атты тұрақты көрмелер ұйымдастырылып, жаңа әдебиеттермен танысуға мүмкіндік жасалған.

Мектеп ұстаздары мен ата-аналар қауымы да бұл бастаманы қолдап, балаларына үлгі көрсетіп, кітап оқуға бағыттап келеді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың оқу сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін ұштауға зор мүмкіндік берілуде.

**Кітапханашы: Аубакирова Н.Е.**

## **Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша қазан айының анықтамасы**

Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

Ай барысында мектеп кітапханасында «Алтын күз – кітаппен бірге» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, жаңа түскен әдебиеттерге шолу жасалды. Бастауыш сынып оқушыларына «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында кітапханаға саяхат ұйымдастырылып, кітапты дұрыс пайдалану ережелері таныстырылды.

Сонымен қатар «Мен оқыған кітап» тақырыбында пікір алмасу сағаттары өткізіліп, оқушылар өздері оқыған шығармалар туралы ой бөлісті. Кітапханаға келушілер есебі жүргізіліп, белсенді оқырмандар анықталды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың кітапқа деген қызығушылығы артып, кітапханаға келу көрсеткіші жоғарылады. Жоба жоспарына сәйкес барлық іс-шаралар уақытылы орындалды.

Кітапханашы: Жәнісхан Г

## **Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша қыркүйек айының анықтамасы**

Қыркүйек айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жаңа оқу жылының басталуына байланысты оқушыларды кітапханаға тарту, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Айдың басында 1–сынып оқушыларына «Кітапханаға саяхат» ұйымдастырылып, кітапханамен таныстыру, кітапты күтіп ұстау ережелері түсіндірілді. Орта және жоғары буын оқушылары арасында «Кітап – білім бұлағы», «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында әңгіме сағаттары өткізілді. Сонымен қатар жаңа оқу жылына орай «Оқуға құштар мектеп – 2025» бұрышы безендіріліп, оқырмандарды тіркеу жұмыстары жаңартылды. Сынып жетекшілерімен бірлесіп сыныптан тыс оқу жоспары жасалып, ұсынылатын әдебиеттер тізімі бекітілді.

Ай соңында белсенді оқырмандар анықталып, «Үздік оқырман» бұрышына енгізілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың кітапханаға келуі тұрақты жолға қойылып, кітап оқуға деген ынтасы артты.

Кітапханашы: Жәнісхан Г

**«Оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі» туралы анықтама**  
**(қыркүйек, қазан айлары)**

2025–2026 оқу жылына қарай біздің мектептегі оқушылар 90 % оқулықпен қамтамасыз етілді. Оқулықтар тізімін тарату барысында төмендегі оқулықтар жетіспеуіне байланысты уақытша берілмегенін хабарлаймын. Аудандық білім бөліміне сұраныс жазылды. Төмендегі пәндер бойынша оқулықтар тізімі :

6 русс худ.труд (девочка) - 4 дана

7 русс информатика – 6 дана

7 русс всемирная история – 4 шт

10 қаз ағылшын тілі -15 дана

10 қаз алғашқы әскери дайындық – 13 дана

10 қаз информатика – 4 дана

6 қаз музыка – 2 дана

6 қаз көркем еңбек ұл бала – 6 дана

5 русс музыка – 3 дана

5 русс художественный труд (мальчик) – 3 дана.

Кітапханашы: Аубакирова Н.Е.